

Халық шаруашылығында статистиканы, бастапқы есеп пен бухгалтерлік есепті қайта құру жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 29 желтоқсан 1992 ж. N 1098. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Республиканың халық шаруашылығында бухгалтерлік есеп пен статистика жүйесін жетілдіру мәселелері" жөніндегі 1992 жылғы 31 наурыздағы N 306 қаулысын орындау үшін, түбегейлі экономикалық өзгерістерді халықаралық байланыстардың кеңеюін, Қазақстан Республикасының дүниежүзілік қоғамдастыққа табан тіреуін ескере келіп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Халық шаруашылығында статистиканы бастапқы есеп пен бухгалтерлік есепті қайта құру жөніндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламасы бекітілсін.

2. Халық шаруашылығында статистиканы, бастапқы есеп пен бухгалтерлік есепті қайта құру жөніндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды бақылау мен үйлестіруді, туындаған ведомствоаралық проблемаларды шешуді, есеп пен статистика саласында халықаралық ынтымақтастық ұйымдастыруды қамтамасыз ету үшін министрліктердің, ведомстволар мен ғылыми ұйымдардың басшылары мен мамандарынан Үйлестіру кеңесі құрылсын.

Үйлестіру кеңесінің Төрағасы болып Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Бірінші орынбасары Д.Х. Сембаев жолдас бекітілсін.

Д.Х. Сембаев жолдасқа Үйлестіру кеңесінің құрамын белгілеу тапсырылсын.

Үйлестіру кеңесі бір ай мерзім ішінде Үйлестіру кеңесі туралы ережені әзірлеп, бекітсін.

3. Халық шаруашылығында статистиканы, бастапқы есеп пен бухгалтерлік есепті қайта құру жөніндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруға жауапты Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары бір ай мерзім ішінде, халықаралық ынтымақтастық мәселелерін қоса, белгіленген шараларды орындауды ұйымдастырудың жоспарын жасап, Үйлестіру кеңесіне тапсырсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жыл сайын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бюджетінің жобасында халық шаруашылығында статистиканы, бастапқы есеп пен бухгалтерлік есепті қайта құру жөніндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламасын орындауды қамтамасыз ету үшін, соның ішінде есептеу техникасын, бағдарламалық құралдар мен басқа да материалдық ресурстарды сатып алуға қаржы қаражатын (валюталық қаржыны қосқанда) көздерін.

Үйлестіру кеңесі аталған қаржыны халық шаруашылығында статистиканы, бастапқы есеп пен бухгалтерлік есепті қайта құру жөніндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың нақтылы орындаушылары арасында бөліп беретін болсын.

5. Қазіргі ақпарат базасын сақтау мен оны халықаралық практикада қолданылатын стандарттарға көшу үшін негіз ретінде пайдалану мақсатында бұрын әзірленген жалпы одақтық жүйелеу үшін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша міндетті түрде қолдануға арналған мәртебе белгіленсін.

Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті, Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі Бас басқармасы 1993 жылғы 1 қаңтарға дейін техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттың жалпы республикалық жүйелеулерін жасау мен жүргізуге жауапты министрліктер мен ведомстволарды анықтап, оларды енгізу жөніндегі ұсыныстарын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тапсырсын.

Техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттың жалпы республикалық жүйелеудің ақпараттық базасын автоматтандырып жүргізу ісі Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның жер-жердегі органдарына жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1098 қаулысымен

Бекітілген

**Халық шаруашылығында статистиканы,
бастапқы есеп пен бухгалтерлік есепті
қайта құру жөнінде Қазақстан
Республикасының Мемлекеттік бағдарламасы**

(Алматы, 1992 жыл)

Кіріспе

Бұл мемлекеттік бағдарлама Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Республика халық шаруашылығында бухгалтерлік есеп пен статистиканы жетілдіру мәселелері туралы 1992 жылғы наурыздың 31-жұлдызындағы 366 номерлі қаулысына сәйкес дайындалған.

Мемлекеттік бағдарламада есепке алу мен статистика жүйесінің әлемдік тәжірибеден алшақтығын жою, статистикалық көрсеткіштердің бірыңғай жүйесін жасап, оларды алу және талдау методологиясын жасау, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын көрсететін жүйелі статистикалық ақпарат қалыптастыру көзделген.

Көрсеткіштердің құрамы белгіленіп, оларды есептеудің методологиясы зерттелген, қолданылып жүрген көрсеткіштер есеп-қисаптың дүние жүзілік әдістемесіне сәйкес келтірілген, ұлттық есеп-қисапты жүргізудің тәсілдері меңгеріліп, оны ақпаратпен қамтамасыз етуге қойылатын талаптар белгіленген, банктік есеп пен қаржы статистикасын реформалау белгіленген, кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебі бойынша есептесу жоспары жасалып, оны қолдану жөнінде нұсқаулар анықталған.

Қазақстан Республикасының статистикалық қызметінің халықаралық ұйымдарға жарна төлеу мөлшерін анықтаудың негізі ретінде мемлекеттің қаржы жағдайы, оның төлем балансы, ұлттық табысының мөлшері туралы БҰҰ методологиясы бойынша халықаралық ұйымға қажетті статистикалық ақпарат беріп отыруы жөніндегі міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету міндеттері шешілуде.

Қажетті халықаралық сараптау жүргізіліп, математикалық бағдарламамен қамтамасыз етуге деген қажеттілік анықталған, кәсіпорындар мен ұйымдарды жүйелеуді қайта қарау және олардың Мемлекеттік регистрі мен Халықтың жан басы регистрін жасау жөнінде жұмыстар жүргізілуде. Каталогтар жүйесін жасаудың негізгі жобалық шешімдері талдап жасалуда.

Халық шаруашылығы мамандары мен оқу орындарының оқытушыларын оқыту ісі ұйымдастырылуда. Экономистер, статистиктер, бухгалтерлер дайындайтын жоғары және орта дәрежелі оқу орындарының бағдарламалары қайта қаралуда, есеп және статистика қызметкерлерін қайта дайындаудың жоспарлары мен бағдарламалары жасалуда. Қолданбалы сипаттағы шұғыл ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Мемлекеттік және ведомстволық статистика мен есепке алудың арасында міндеттерді бөлу мәселелері шешілуде. Жасалған және халықаралық сараптан өткен көрсеткіштер жүйелерін шаруашылықтың әр түрлі салалары мен тарауларында қолдану ісі жүзеге асырылуда, халық шаруашылығын дамуының негізгі көрсеткіштерін талдап қорытатын және жұмыстың барлық салалары бойынша статистикалық ақпаратты өңдеуге сүйенетін ұлттық есеп-қисап

жүйесінің схемасы бойынша салааралық кең көлемді есеп балансын есептеу ісі жүргізілуде.

I. Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаты халық шаруашылығының жұмысын мемлекет тарапынан тиімді етіп реттеп отыруы үшін Қазақстан экономикасының және оның жекелеген салаларының бірлестіктердегі ролі мен маңызын объективті түрде талдау үшін қажетті жағдайлар жасау, бұл:

- әлеуметтік-экономикалық процестің әр түрлі қорларының статистикалық көрсеткіштер жүйесінде халықаралық үлгілерге сәйкес көрсетілу саласын ұ л ғ а й т у ;

- статистикалық деректерді аналитикалық талдау бағытын және мәліметтер жинаудың, өңдеудің, талдаудың және оларды таратудың жеделдігін арттыру;

- халықаралық үлгі бойынша есептелуге тиісті жұмыстың қосымша салаларын, сонымен бірге халықаралық статистикалық тәжірибеде пайдаланылатын көрсеткіштердің құрамын, экономикалық мазмұны мен есептеу т ә с і л д е р і н а н ы қ т а у ;

- халықаралық үлгіге сәйкес бухгалтерлік, қаржы, банк және кеден есептерін есепке алудың бастапқы жаңа формаларын жасап шығарып, бірыңғай статистикалық жүйеге интеграциялау;

- бастапқы есепті халықаралық топтастыру мен формалары бойынша талдап ж а с а у ;

- статистикалық деректердің көрсеткіштерін қолданылып жүрген халықаралық үлгілерге сәйкес жасау, оларды жариялау тәртібі мен мерзімділігін белгілеу е с е б і н е н ж а с а л а д ы .

Мемлекеттік бағдарламаның мақсаттарын іске асыру үшін онда мына төмендегі міндеттерді шешу көзделген:

- мемлекеттік статистика мен көрсеткіштер жүйесінің жалпы методологиялық негіздерін халықаралық талаптарға сәйкестендіру;

- ұлттық есеп-шот жүйесін жасап, оның схемасы бойынша салааралық байланыстарды қ а л ы п т а с т ы р у ;

- ішкі жалпы өнімді халықаралық деңгейде салыстыру жөнінде жұмыстар ұ й ы м д а с т ы р у ;

- қаржы, банк және бюджет статистикасын қайта құру;

- төлем балансын талдап жасау;

- кеден, еңбек статистикасын қоса алғанда баға, сыртқы сауда статистикасының көрсеткіштерін жалдап жасап, халықаралық талаптарға сәйкес к е л т і р у ;

- бастапқы, бухгалтерлік және банктік есепке алуды халықаралық талаптарға сәйкес келтіру;

- Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілерінің мемлекеттік регистрі мен халықтың жан басы регистрін жасау;

- отандық және шетелдік тәжірибелерді есепке ала отырып техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттарды саралау мен кодтаудың Бірыңғай жүйесін жасап, қолдану;

- өнімді тізімдеу және штрихпен кодтау жүйесін жасау;

- нарықтық экономиканың талаптарына сәйкес есептеу мен статистика кадрларын дайындау және қайта дайындау жұмыстарын жүргізу;

- Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру мақсатымен халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Мемлекеттік бағдарлама алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру жолдарын көрсететін бөлімдерден құралған.

II. Мемлекеттік статистика мен көрсеткіштер жүйесінің жалпы методологиялық негіздерін халықаралық талаптарға сәйкес келтіру

Бұл бөлімде статистикалық ақпарат жүйесін жетілдірудің жалпы концепциясын жасау, халықаралық үлгіні және оның талаптарын есепке ала отырып мемлекеттік статистиканы қайта құрудың негізгі жалпы методологиялық және ұйымдастыру бағыттарын дайындау көзделген.

Ұлттық есепшот жүйесінің барлық көрсеткіштері мен көрсеткіштердің басқа да халықаралық статистикалық стандартты жүйелерін макроэкономикалық деңгейдегі статистикалық көрсеткіштердің халық шаруашылығында баланс болуына негізделіп, қолданылып жүрген жүйесімен үйлестіру, кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмысын сипаттайтын көрсеткіштер жиынтығының дәлме-дәлдігін есепке ала отырып кәсіпорындар мен ұйымдардың халық шаруашылығының салалары мен меншік түрлері бойынша саралануын анықтау.

Бухгалтерлік-есеп беруді қоса алғанда есептеу-статистика құжаттарының формаларын интеграциялау, оларды халық шаруашылығының салалары бойынша мамандандыру белгіленіп отыр, бұл ретте кәсіпорындар мен ұйымдарда есеп беру формаларын толтыруды оңайлату және оларды жасауды бақылау ісін жақсарту көзделіп отыр.

Бұл бөлімде бәрін қамтитын бақылау тәсіліне (негізгі массив тәсіліне негізделген) цензалық, әр түрлі ішінара бақылауға, монографиялық зерттеуге көшу көзделген, мұның өзі статистикалық ақпарат тасқынын күрт азайтуға және ұсақ кәсіпорындардан ақпарат алумен байланысты қиындықтарды жоюға

мүмкіндік береді. Бұл арада мемлекеттік статистика жүйесінің министрліктермен, ведомстволармен, коммерциялық құрылымдармен өзара қарым-қатынасын экономиканы басқару жүйесінің өзгеріп отырған жағдайларын ескере отырып ұйымдастырудың жаңа принциптері жасалуда.

Бастапқы есеп, статистика, ақша есептері, сыртқы сауда және т. б. салаларда құжаттар жүйесін бір жүйеге салу жұмыстарын жүргізу белгіленген.

III. Техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттарды саралау мен кодтаудың бірыңғай жүйесін дамыту және қолдану

Техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттарды саралау мен кодтаудың бірыңғай жүйесін жасау үшін Тауарларды суреттеп бейнелеу мен кодтаудың үйлестірілген жүйесі, экономикалық қызметтің барлық түрлерін халықаралық салалық үлгімен саралау, Кәсіптерді халықаралық үлгімен саралау, валюталардың, әлем елдерінің халықаралық үлгі кодтары және басқалары сияқты халықаралық үлгімен саралауды кеңінен қолдану көзделіп отыр. Бұл ретте осы жүйенің жұмыс істеп, дамуы жөнінде, жалпы республикалық саралаушылардың шаруашылық жұмысын басқа да салаларының есепке алынуын, статистикасын жасап шығарып - қолдану жөнінде нормативті ұйымдық-әдістеме материалдары талдап жасалынатын болады. Құжаттарды саралау мен бір ізге салу жөніндегі жұмысты ТМД-ге мүше елдермен үйлестіру ұйғарылып отыр.

IV. Ұлттық есепшоттар жүйесін жасау

Қазақстан Республикасында ұлттық есепшот жасаудың тиісті методологиялық құжаттарын талдап жасау негізінде БҰҰ Ұлттық есепшот жүйесінің Еуропа қауымдастығында (ЕСИЕС) қолданылып жүрген нұсқасы алынып отыр. Оны экономика мен статистиканы ұйымдастырудың ерекшеліктеріне белгілі бір дәрежеде икемдей отырып отандық тәжірибеде қолдану БҰҰ мен басқа да халықаралық ұйымдарға тиісті мәліметтер беру міндетін шешуге мүмкіндік береді, халық шаруашылығы балансын жасау негізінде әзірленетін ақпараттарға тән шектелушіліктер мен кемшіліктерді жоюға мүмкіндік береді, өйткені ол экономикалық операциялармен экономикалық процестің барлық қырларын: табыстар өндіру мен жасауды, табыстарды бөлу мен қайта бөлуді, табыстарды тұтыну мен жинақтауға пайдалануды, оларды инвестициялау мен қаржыландыру көздерін, қаржы міндеттемелерін қабылдау мен сыртқы экономикалық байланыстарды жинақталған түрінде қамтиды.

Ұлттық есепшот жүйесін отандық тәжірибеде қолдану болжамдарды негіздеп жасаудың экономикалық процестерін талдауға және экономикалық саясат жөнінде шешімдер қабылдауға қажетті біршама аса маңызы макроэкономикалық

көрсеткіштерді алуға мүмкіншілік береді. Мұндай көрсеткіштер атап айтқанда мыналар: ішкі жалпы өнім, жалпы ұлттық өнім, ұлттық табыс, ұлттық қорландыру, мүмкін болатын табыс, тауарлар және қызмет көрсетуге түпкі жұмсалатын тұтыну шығындары, инвестициялар және оны қаржыландыру көздері, сыртқы сауда сальдосы, шетелдермен ағымдағы операциялар жасау с а л ь д о с ы .

Экономиканың негізгі секторларына арналған есепшоттар жасау көзделіп отыр. Атап айтқанда, әлеуметтік процестердің аса маңызды аспектілері мен халықтың тұрмыс деңгейін (табысты бөлу, тұтыну, қорландыру және т. б.) талдауды, сондай-ақ жалпы ішкі өнімді өндіру мен пайдалануда "үй шаруашылығы" секторының маңызды роль атқаруын қамтамасыз ететін "Үй шаруашылығы" үшін есепшот жасау.

Бұл бөлімде ұлттық есепшот жүйесін жасау, бухгалтерлік есеп пен статистика жүйесіне тиісті өзгерістер енгізу, бастапқы ақпарлар жинаудың басқа да формаларын ұйымдастыру жөнінде тиісті есептер жүргізу үшін ақпарлар негізін жасау талаптарын жасап шығару көзделген.

Бөлімде ұлттық есепшоттар жасау, бухгалтерлік есеп пен статистика жүйесіне тиісті өзгерістер енгізу, бастапқы ақпар жинаудың басқа да түрлерін ұйымдастыру жөнінде тиісті есептер жүргізу үшін ақпарлар негізін жасау жөнінде талаптар жасап шығару қарастырылған.

Сонымен қатар мұнда жалпы қосылған құн көрсеткіштерін есептеуді және ұлттық табыстың басқа да есепшоттарын БҰҰ-ның методологиясы бойынша аймақтық деңгейде жасауды қамтамасыз ететін шаралар бар.

V. Ұлттық есепшот жүйесінің схемасы бойынша салааралық баланстарды талдап жасау

Ұлттық есепшот жүйесінде салааралық баланстар ерекше орын алады, мұның өзі олардың халық шаруашылығының құрылымын, баға жүйелерінің өзгеру нәтижелерін талдау үшін негізгі құндық және натуралды-заттық пропорцияларды , халық шаруашылығының даму тенденциясының сапалық бағыттары мен сандық сипатын анықтау үшін, халықаралық салыстыруды жүргізу үшін, макроэкономикалық болжамды есептерді орындау үшін, ұсынылып отырған басқару шешімдерінің нәтижелерін бағалау үшін кең мүмкіншілік беретіндігінен т у ы п о т ы р .

Ұлттық есепшот жүйесі бойынша жасалатын салааралық баланс халық шаруашылығы дамуының негізгі көрсеткіштерін қорытындылау болып табылады және оны құрастыру барлық қызмет саласы бойынша статистикалық ақпарларды өңдеудің нәтижелеріне сүйенеді, мұның өзі оны жасау кезеңдерінің

ерекшеліктерін көрсетеді.

Бұл бөлімде бұрын пайдаланылмаған бастапқы ақпарлардың құрамын, жинау және өңдеу тәсілдерін анықтау жөніндегі методологиялық міндеттерді шешудің, ақпарларды тиісінше өзгертудің математикалық модельдері мен қажетті есептер жасаудың бағдарламасын қамтамасыз етудің шаралары қаралған. Бұл ретте ұлттық есепшот жүйесінің методологиясы бойынша жасалатын салааралық баланс жүйелерін өзара байланыстыруды жүзеге асыру көзделіп отыр.

VI. Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өнімді халықаралық салыстыруға қатынасуы жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру

Халықаралық салыстыру бағдарламасының нәтижелері пайдаланылатын аса маңызды мақсаттарға жататын көрсеткіштер: елдің жалпыэкономикалық дамуының деңгейін бағалау, халықтың әл-ауқаты, валютаның сатып алу қабілетінің нақты құнын анықтау, ұлттық экономиканың нәтижелілігін анықтау және салыстыру, экономикалық және қорғаныс потенциалдарын салыстыру, елдің қаржы мүмкіндіктерін (халықаралық ұйымдардың бюджеттеріне жарна төлеу, т.б.), дамушы елдерге көмек көрсету саясатын жасап, ол көмектің мөлшерін белгілеу, нарық конъюнктурасын талдау (рыноктың сыйымдылығы, ресми валюталық курспен салыстырғанда валютаның сатып алу қабілеті), халықаралық экономикалық интеграцияны зерттеу, экономикалық теорияларды (даму модельдерін және т. б.) талдап жасау.

БҰҰ-ның халықаралық салыстыру бағдарламаларының нәтижелерін Әлемдік банк пен Халықаралық валюта қоры өздерінің талдау жұмыстарында қатты п а й д а л а н а д ы .

Бағдарламаның бұл бөлімінде тауар топтарын халықаралық тәжірибеде қолданылып жүрген салыстыру бағытында жұмыстар ұйымдастыру белгіленген.

VII. Қаржы, бюджет және банк статистикасын халықаралық үлгілерге сәйкес қалыптастыру

Бөлімде ақша-несие қатынастары статистиканың экономикалық пропорцияларды реттеу процестерінде атқаратын ролін арттыруды қамтамасыз ететін шаралар қаралған.

Нарықтық сұраным мен ұсынымға ықпал ету дәрежесіне қарай ақша статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру, өнімнің өнімділік сипатына қарай және пассив операциялары мен қаржы құралдарын топтастыру; жалпы

ұлттық өнімнің құнын жасау, бөлу және қайта бөлудің бүкіл процесінің интеграцияланған жүйесіне салу көрсеткіштерін енгізу көзделген. Көрсеткіштердің жаңа жүйесі ақша массасы құрылымының, Ұлттық мемлекеттік банктің проценттік саясатының, ұлттық мемлекеттік банктер коммерциялық банктерге қоятын экономикалық реттеу нормативі жүйелерінің, ішкі және сыртқы қарыздардың, елдің төлем балансының макроэкономикалық пропорцияларға жасайтын ықпалын бағалауға мүмкіндік береді. Ақша статистикасының көрсеткіштер жүйесі халықаралық тәжірибеде қолданылып жүрген саралаумен салыстырылатын болады және Мемлекеттік ұлттық банктің шешімдер қабылдау процесін жедел ақпарлармен қамтамасыз етуді сапа жағынан жақсартуға мүмкіндік береді.

VIII. Төлем балансын жасау жұмыстарын ұйымдастыру

Мемлекеттік бағдарламаның бұл бөлімінде халықаралық валюта қорының методологиясы бойынша төлем балансын жасауға қажетті ақпарлар негізін қалыптастыру шаралары белгіленген.

Ағымдағы операциялар бойынша төлем балансын жасау мен капиталдардың қозғалыс балансын құрастырудың әдістемесін (әдістеме құралдарын есеп беру формаларын) жасау қаралған.

Қазақстан Республикасының ағымдағы операциялар капиталдың халықаралық қозғалыс және төлем балансы бойынша баланс жасау мақсатымен тәжірибе есебін жүргізу белгіленіп отыр, мұны бұдан әрі халықаралық сарапқа салу және төлем балансын жасау мен оны жариялауды мемлекеттік статистика тәжірибесіне ендірудің толық схемасы бойынша жасайды.

IX. Баға статистикасын халықаралық ұсыныстарға сәйкес келтіру

Бұл бөлімде тауар-ақша қатынастарының барлық салаларында, ең алдымен тұтыну секторында баға деңгейін сақтаудың және оның индексі есептеудің қазіргі бар методологиясын дамытып, жетілдіре беру шаралары белгіленген.

Барлық методологиялық құжаттарды БҰҰ-мен Халықаралық валюта қоры методологиясының негіздеріне сәйкес келтіру белгіленген. Бұл методологияны қолдану бүкіл өнімнің, соның ішінде рынокқа жаңадан түскен өнімдердің бағаларының іс жүзіндегі өзгерісін есепке алуға мүмкіндік береді.

Бағаның ұйғарылып отырған индексінің туралығын қамтамасыз ету үшін ішінара зерттеулер жүргізу белгіленген.

Х. Сыртқы сауда көрсеткіштерін халықаралық үлгілерге сәйкес келтіру

Бұл бөлімде сыртқы экономикалық байланыстар статистикасының қолданылып жүрген жүйесін жетілдіру, валюта қаржыларын, баға индекстерінің және экспорт пен импорттың іс жүзіндегі көлемінің қозғалыстары экспорт және импорт өнімдерінің сыртқы және ішкі сауда бағаларының арақатынасы жөніндегі көрсеткіштер жүйесін жасау, кеден статистикасын қалыптастыру жөнінде шаралар белгіленген.

ХІ. Еңбек статистикасын халықаралық нормаларға сәйкес келтіру

Бұл бөлімде жұмыспен қамтылу, жұмыссыздық, еңбекке ақы төлеу, жұмысшы күшіне жұмсалатын шығындар көрсеткіштерінің халықаралық статистикалық нормаларға, нарыққа негізделген экономикалық қолданылатын және Халықаралық еңбек ұйымдастыру ұйымының ұсынған қарарлары мен еңбек статистикасы жөніндегі Конвенциясына сәйкестігін қамтамасыз ететін шаралар б а р .

Тиісті әдістеме құжаттарымен саралау классификацияларды жасау негізінде Халықаралық Еңбек Ұйымының методологиялық құжаттары бұларды экономикалық ынтымақтастық пен Даму Ұйымының, Еуростаттың статистикалық қызмет орындарының және АҚШ, Франция, ГФР-дің ұлттық статистикалық ұйымдарының іс жүзінде жүзеге асыру тәжірибесін ескере отырып алынады. Статистика тәжірибесіне халықаралық формаларды қолдану еңбек статистикасының көрсеткіштер жүйесін халықаралық статистикаға сәйкес келтіруге, ХЕҰ мен басқа да халықаралық ұйымдарға статистикалық деректер беру міндетін шешуге, әлеуметтік-экономикалық саясатты жасауға, қажетті еңбек рыногы, табыс, жалақы туралы нақты ақпарлар алуға мүмкіндік береді.

ХІІ. Бухгалтерлік есепті қайта құру

Бухгалтерлік, банк есептерін қайта құру жөнінде ұлттық банк балансының құрылымын және банк есебінің есепшот жоспарын қайта қарау белгіленген, ондағы мақсат есепке алу мен есеп беруді саралаудың бірыңғай регистрін жасау, бұл регистр есепке алудың бақылау қызметін жүзеге асыруға ғана бағытталып қоймай, сонымен онда кәсіпорындардың, халықтың, мемлекеттің, несие-қаржы жүйелерінің ақша айналымы субъектілерінің экономикалық қызметін сипаттайтын актив және пассив операциялары, сыртқы әлеммен жасалатын операциялар және ақша рыногының қаржы құралдарының өтімділік сипаты

көрініс табады. Банк жүйесінің жаңа жүйесі ТМД-ның ақша статистикасы мен финанс есепшоты көрсеткіштерінің жиынтық банк есебінің деректері бойынша тікелей қалыптастырылуын қамтамасыз етеді.

XIII. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің Мемлекеттік регистрі мен Халықтың жан басы регистрін жасау

Бұл бөлімде Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізетін субъектілері Мемлекеттік регистр мен Халықтың жан басы регистрін жасау қ а р а л ғ а н .

1. Шаруашылық жүргізетін субъектілердің Мемлекеттік регистрін басқару, статистикалық органдары мен басқа да пайдаланушыларды статистикалық негізгі көрсеткіштер жөніндегі ақиқат ақпарат дер кезінде қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бірыңғай форма ретінде қалыптастыру көзделген.

Мемлекеттік регистрге меншік және шаруашылық жүргізу түрлеріне қарамастан заң жүзіндегі ұйым хұқысы бар-жоғына қарамастан мемлекеттік тіркеуден өткен барлық кәсіпорындар мен ұйымдар, қаржы мекемелері, қоғамдық ұйымдар мен басқа да объектілер туралы деректерді таратып беріп тұратын негізгі банк ролі беріледі.

Мемлекеттік регистрді қолдану көптеген шараларды шешуге мүмкіндік б е р е д і . О л а р :

мемлекеттік және территориялық басқару органдарымен өзара қарым-қатынаста ақпарат кеңістігінің бірлігі болуы;

Қазақстан Республикасы мен ТМД-ның басқа да мемлекеттерінің территориясында тіркеуден өтетін объектілердің бүкіл жиынтығы бойынша статистикалық көрсеткіштердің ең аз жиыны жөнінде жаппай бақылау ұйымдастыру. Бұл неғұрлым кең көлемдегі көрсеткіштерді статистикалық жолмен іріктеп бақылаудың әдісімен, басқа да ақпарат жүйелерінің регистрлерімен өзара іс-әрекет жасау нәтижесінде алынған деректермен ұштастырылған кезде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына талдау жасау үшін қажетті ақпарат дайындауды қамтамасыз етеді;

ақпараттардың басқару, статистика органдарының ғана емес, сонымен бірге басқа да пайдаланушылардың ақпарат алуға мүмкіндігі болуы;

бақылауға алынған объектілердің территориялық бөлінісі, қай салаға, қай меншік түріне жататындығы өзгерген жағдайда байланыстың үзіліссіздігі мен у а қ ы т ш а қ а т а р л а р с а қ т а л а д ы ;

талдау міндеттерін жекелеген аймақтарға қажетті көрсеткіштермен т о л ы қ т ы р у м ү м к і н ш і л і г і ;

ақпаратты бақылау, өңдеу, оны сақтау және беру жүйесін экономикалық

тәсілмен неғұрлым тез талдап жасау, өйткені мұның негізі республикалық Мемлекеттік статистика комитетіндегі Бас есептеу орталығында кәсіпорындар мен ұйымдарды есепке алудың (ОКПО) қазірдің өзінде жұмыс істеп тұрған жүйесі болып табылады, бұл жүйеге бағдарламалық-технологиялық және техникалық құралдар жиынтығы көмек етеді.

Мемлекеттік регистрдің иегері республиканың Мемстаткомитеті болып табылады, ол оны өзінің Бас ақпарат есептеу орталығы арқылы басқарады.

2. Халықтың жан басы регистрін тұрғындардың аты-жөні жазылып, үнемі жаңартылып отыратын тізбесі ретінде жасау көзделіп отыр, бұл тізбе халық есебін алу мақсатына қызмет ететін болады.

Халықтың жан басы регистріне әр түрлі ұйымдар мен мекемелерде жасалатын азаматтық жағдай актісі, кадрлар бөлімінің, халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің және т. б. адам тіршілігі мен оның өзгерістері туралы деректерді таратып беріп тұратын негізгі банк ролі беріледі. Регистр формасы бойынша есепке алу ақпардың адамдық сипаты (адамның қасиеттерін көрсететін) мен конфиденциалдығы принциптерінің сақталуын көздейді. Халықты есепке алудың бұл түрінің ерекшелігі әрбір тұрғын жынысы, туған жері мен уақыты, т. б. туралы кодтардан тұратын қайталанбайтын идентификацияланған нөмір (азаматтық код) беру арқылы әркімнің дербес деректерін сақтау және үнемі жаңартып отыру болып табылады.

Халық регистрін төмендегідей территориялық деңгейде: аудандық (қалалық), облыстық, республикалық деңгейде жасау көзделген.

XIV. Өнімдерді каталогтаудың мемлекеттік жүйесін жасау

Өнімдерді каталогтаудың (тізімдердің) мемлекеттік жүйесі мына мақсаттар үшін жасалады:

республикада немесе аймақтарда өндірілетін өніммен оның сипаты туралы мемлекеттік ұйымдарды аналитикалық ақпарлармен қамтамасыз ету;

мемлекеттік үлгілердің міндетті талаптарының сақталуын бақылау;

тұтынушыларды өнімнің негізгі сипаттары, оны өндірушілер, сәйкестік куәлігі бар екендігі туралы, өнім сол бойынша берілетін нормативтік құжат туралы ақиқат ақпарлармен қамтамасыз ету.

Өнім туралы ақпарлардың көзі үлгілер мен техникалық шарттар болып табылады.

Каталогтау жүйесі республиканың жекелеген аймақтарының кәсіпорындары шығаратын өнімдерді автоматты түрде есепке алуды қамтамасыз етеді және ол шығарылатын өнімдердің номенклатурасын үздіксіз қадағалап отыру үшін

конъюнктуралық статистика мақсаттарында пайдаланылуы мүмкін.

Өнімдерді каталогтау жүйесін ақпар берудің (стандартты) бірыңғай формасы негізінде ұйғарылып отыр, бұл ретте оның бірыңғай (стандартты) мазмұны, ақпарды жинаудың, өндеудің жалпы жүйесі және ең алдымен өнім туралы және оны өндіруші кәсіпорындар туралы ақпарды саралау мен кодтаудың бірыңғай жүйесін пайдалана отырып тұтынушыларға өнім туралы ақпарды жеткізудің бірыңғай жүйесі болады.

XV. Штрихті кодтауды қолдану

Халықаралық тәжірибеде автоматты идентификациялауды штрихті кодтауды қолдану, саудада, банк ісінде, денсаулық сақтау ісінде, транспортта және басқа да салаларда деректерді өңдеген кезде есептеу техникасын қолданудың нәтижелілігі жоғары болуын қамтамасыз етеді.

Штрихті кодтар шет елдерге шығарылатын тауарларға міндетті түрде қ о й ы л у ғ а т и і с .

Бағдарламаның бұл бөлімінің мақсаты халық шаруашылығы құрылымының барлық деңгейлерінде - мемлекеттік, салалық, аймақтық және кәсіпорындар (ұйымдар) деңгейінде штрихті кодтауды жан-жақты қолдануды қамтамасыз ету болып табылады. Бағдарламаның бұл бөлімінің блоктары осы деңгейлерге сәйкес бөлінген.

XVI. Статистика және есеп кадрларын ұлттық есепшот жүйесінің талаптарына сәйкес дайындау және қайта дайындау

Қазақстан Республикасының халықаралық тәжірибеде қолданылып жүрген есептеу мен статистика жүйесіне көшуі жөніндегі шараларды халықаралық статистика мен ұлттық есепшоттың негіздерін игерген жоғары дәрежелі кадрларсыз жүзеге асыру мүмкін емес.

Кадрлар потенциалын жасау және Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру үшін төмендегі шараларды жүзеге асыру белгіленіп отыр:

- статистикада ұлттық есепшоттар жүйесін жасау жөнінде әдістеме құралдарын әзірлеп, мамандар дайындауды барлық деңгейінде оқу процесін со л а р м е н қ а м т а м а с ы з е т у ;

- бухгалтерлік және банктік есеп пен статистика бойынша мамандар дайындауды көздейтін экономикалық және инженерлік-экономикалық бағыттағы жоғары және орта дәрежелі арнаулы оқу орындары үшін типті бағдарламалар м е н о қ у ж о с п а р л а р ы н ж а с а у ;

- бухгалтерлік есеп пен статистика бойынша жаңа мамандардың үлгісін жасап

, аталмыш мамандықтардың мамандары соларға сай болуға тиіс талаптарды жүзеге асыру ;

- барлық деңгейлерде оқу процесін оқулық-әдістеме әдебиеттермен: оқулықтармен, оқу құралдарымен, практикумдармен, ЭВМ бағдарламаларымен, т. б. қамтамасыз ету ;

- бүгінгі күнгі жағдайда қызмет жасауға бейімдеу мақсатымен оқу орынын бітіріп шығатын мамандардың практикасын ұйымдастыру;

- мамандар мен оқытушыларды шетелдерде оқыту ісін және статистика мен есепке алу жөнінен шетел мамандарының халықаралық методология бойынша консультациялар беруін ұйымдастыру.

Қ о с ы м ш а

Халық шаруашылығында статистиканы, бастапқы есеп пен бухгалтерлік, есепті қайта құру жөнінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру шаралары (Кесте)